



Автор: Туребекова Молдир Жантаевна

Пән: Дүниежүзі тарихы

Сынып: 5-сынып

Бөлім: Ежелгі Қытай

Тақырып: Ежелгі қытайлықтар ғылыми білімдерін қалай пайдаланды

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	□ 5.2.4.2 ғылымдардың (арифметика, геометрия, астрономия, медицина) пайда болып, дамуына шаруашылық іс-әрекет пен әлеуметтік өзгерістердің ықпалын сипаттау
Сабақтың мақсаты:	□ 5.2.4.2 ғылымдардың (арифметика, геометрия, астрономия, медицина) пайда болып, дамуына шаруашылық іс-әрекет пен әлеуметтік өзгерістердің ықпалын сипаттау
Тілдік мақсаттар:	Пәндік лексика мен терминология Конфуцийшілдік; Даосизм; Легизм; Терракоталық әскер; Ұлы Қытай қорғаны; Аспан ғибадатханасы; Ұлы арна Диалогқа/жазылымға қажетті тіркестер • Ежелгі Қытай философтары ... туралы айтты • Алғашқы императордың мазары, бәлкім... болды • Мен келесі деректерді негізге алып, мазар үлгісін осылай жасадым... • Бірақ, менің қателесуім де мүмкін, себебі... Меніңше, Ежелгі Қытай келесі салаларда көбірек табыстарға қол жеткізді...
Құндылықтарды дарыту:	Патриотизм, қазақ мәдениетінің озық дәстүрлерінің негізінде тәрбиелеу, әлемдік білім беру кеңістігінде бәсекеге қабілетті болуға мүмкіндік беретін терең академиялық білім беру, өз бетімен білім табу және өзіндік ізденіс жасау дағдыларын қалыптастыру, өз бетімен және топта тиімді жұмыс жасау дағдыларын шыңдау, еңбекке және шығармашылыққа, ашық болуға, ыңтымақтастыққа, қадірлеу мен азаматтық жауапкершілікке баулу
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Оқушылар мұғаліммен бірге компьютермен, интернетпен, слайдтары мен видеоматериалдарды көрсету үшін интерактивтік тақтамен жұмыс жасайды
Пәнаралық байланыс:	Ежелгі Қытайды зерттеу барысында География, Қазақстан тарихы, Мәдениет және философия, экономика пәндерімен пәнаралық байланыстар жүзеге аырылады
Бастапқы білім:	Оқушылар Ежелгі Қытай мемлекеттінің саяси құрылымының ерекшеліктерін сипаттай алады

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (5 мин)	(БЫМ) Қытайлықтардың өнертабыстары бейнеленген карточкаларды таратылып, келесі сұрақ қойылады. - Қалай ойласыздар мына слайдтағы суреттері мен фотосуреттерді не біріктіреді? - Осы суреттерге қарап бүгінгі жаңа сабағымыз неге байланысты болады деп ойлайсыздар? (Б) Оқушылар суреттерге қарап, Қытайдың көне дәуірлердегі түрлі өнертабыстарын зерттейді. Қытайдың мемлекет ретінде нығаюына көмектескен басты өнертабыстарды атауы ұсынылады.	Ауылшаруашылық жұмыстарын бейнелейтін көрнекі суреттер

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы (10 мин)	<p>(Б) Оқушыларға сұрақтар қойылады – Ежелгі Қытайдың мәдениеті туралы слайдтағы суреттері арқылы ежелгі қытайлықтар қандай жаңалықтар ашты деп ойлайсыздар? - Бұл ашылған ғылыми жаңалықтарды өте маңыздыдан аса маңызды емеске қарай қойыңыздар және солай неге қойғаныз туралы шешімдерін дәлелдеп беріңіздер (Т) Сыныпты зерттеудің белгіленген тақырыптары бойынша төрт топқа бөліңіз:</p> <p>1-топ – зерттеу тақырыбы: «Қытайлықтардың шаруашылығы арифметика мен геометрияның пайда болуына әсер етті/ әсер етпеді?» Оқушыларға суреттер мен мәтіндер таратылады, солардың негізінде зерттеу бойынша қорытындыларын жинақтауы қажет.</p> <p>2-топ – зерттеу тақырыбы: «Қытайлықтардың шаруашылығы астрономияның пайда болуына әсер етті/ әсер етпеді?» Біздің заманымызға дейін жеткен құрылыстарды зерделей отырып, геометриялық білімдердің құрылыста қалай қолданылғанын түсіндіру. 3-топ – зерттеу тақырыбы: «Қытайлықтардың шаруашылығы жібек тоқу мен шай өндірудің пайда болуына әсер етті/ әсер етпеді?» Оқушыларға карталар, мәтіндер, суреттер ұсыныңыз.</p> <p>4-топ – зерттеу тақырыбы «Ежелгі уақытта қытай медицинасы , прогресс болды/ болмады?» Оқушыларға, дереккөздерді пайдаланып, қытай медицинасымен емделетін сырқат түрлерінің тізімі ұсынылады. (С) Зерттеу нәтижелерін талқылаңыздар. Шағын жобаларды критерийлер бойынша, мысалы практикалық маңызы бойынша өзара бағалау мүмкіндігін беріңіз. Тапсырмаларға арналған дескрипторлар. Оқушылар ғылыми жаңалықтарды әртүрлі шауашылық салалар бойынша жіктей алады. Ғылыми жаңалықтардың қытай мәдениетінің дамуына тигізген әсерін белгілей алады Ғылыми жаңалықтардың қытай мәдениетінің дамуына тигізген әсерін бағалай алады Зерттеу - Бірқатар өнертабыс түрлерін ішінен практикалық тұрғыдан барынша маңыздыларын таңдап, өз таңдауын дәлелдеңіз. Өз пікірін жарнамалық флаер үлгісінде ұсынады. (ЗН) Зерттеу нәтижесінде оқушылар Қытайдың ежелгі дәуірдегі білім жүйесіне қосқан үлесін, сондай-ақ осы жетістіктердің қазіргі уақыттағы маңыздылығын шкала бойынша бағалайды. (1 – маңызы онша емес, 5- өте маңызды) Жауаптарды бағалау критерийлері Бірқатар өнертабыс түрлері ішінен практикалық тұрғыдан барынша маңыздыларын таңдап, өз таңдауын дәлелдейді Қытайдың ежелгі дәуірдегі білім жүйесіне қосқан үлесін, сондай-ақ осы жетістіктердің қазіргі уақыттағы маңыздылығын шкала бойынша бағалайды.</p>	<p>Сыма Цянь Исторические записки http://www.vostlit.info/Texts/Dokumenty/China/I/Syma_Tsjan/Izbrannoje/text14.phtml Өнертабыстар (қағаз, оқ-дәрі, жібек, отшашу, тұсбағдар, сейсмограф, желпуіш, инемен емдеу, т.б.) http://www.078.com.ua/blogs/voprosvy-otvety/vazhnye-i-drevnie-izobretenija-kitaja.html Ежелгі Қытайдағы ғылым мен білімнің дамуы http://kitap.kz/book/5397-qytaj_tarixy_ezhelgi_zhane_orta_hasyrlar_kezengi/5397-qytaj_tarixy_ezhelgi_zhane_orta_hasyrlar_kezengi</p>
Сабақтың соңы (7 мин)	<p>Үй жұмысы: «Ежелгі Қытайдағы ғылыми білім қандай себептерімен дамыды?» атты тақырыбына эссе жазу Сабақ соңында оқушылар «Екі жұлдыз бір тілек» әдісі бойынша рефлексия жүргізеді: 1 жұлдыз «өте жақсы болғаны...» 2 жұлдыз «осы жер.... жақсы болды» 3 жұлдыз «осы жері.... жақсартуды қажет етеді»</p>	